

Жарқамыс орта мектебінің «Қамқоршылық кеңес жиналысының
Хаттамасы 2

Өткізілген күн:04.03.2024

Өткізілген орны:АКТ залы

Қатысқандар -9

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы
2. Мектепке жол акциясы барысында аз қамтылған,көп балалы отбасыларға көмек көрсету

Тыңдалды:Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Жиенбаева С.С. Жалпыға білім беру қорынан көмек көрсетуді және ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы айтып өтті.

Әрі қарай келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Алпысбаева Айгүл Маратқызы

Асхананың санитарлық жағдайы,азық-түлік сапасын тексеру,тамақты дайындау технологиясын, асхананың тоңазтқыш-технологиялық жабдықтарын тексеру,дайын тамақтар мен азық-түліктің сақталу талаптарының орындалуын тексеру.

Мектеп асханасында екі адам жұмыс жасайды,бір аспазшы, бір ыдыс жуушы болып жұмыс жасайды.Асхананың санитарлық жағдайы жақсы,ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер,стеллаждар,ыдыстар өз орнында таза,еден жуылған,асхана іші таза,тазалығы үнемі қадағалануда.

Екі мезгіл ыстық тамақпен қамтылған мектебіміздің жекелеген санаттағы оқушылар саны 44,1-4 сыныптар бойынша 124оқушы,5-10 сыныптар бойынша 44 оқушы.

Асханада эпидемиологиялық жағдайға байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып,түске дейін 10:25-10:40 та, 1,2,5,6,7,8,9,10,11 сынып оқушылары тамақтанса,түстен кейін 16:25-16:40 та 3,4 сынып оқушылары тамақтанады.Асхананы жалға алушы және кәсіпкер А.Кенжина азық-түлікті белгіленген ас мәзіріне сәйкес уақытылы әкеледі. Күн сайын мектеп директорымен белгіленген ас мәзірі ілінеді.

Келесі мәселеге көшсек,сектепке жол акция бойынша жүргізілген жұмыстар.

Осы қыркүйек наурыз айларында жүргізілген жұмыстарды атап айтар болсақ

Қыркүйек айында Жарқамыс ауылдық округі әкімшілігі 2(екі) оқушыны, ауылдық аурухана ұжымы 1 (бір) оқушыны, ауылдық кітапхана ұжымы, ауылдық мәдениет үйі 1(бір) оқушыны, Жарқамыс балабақшасы 2 (екі) оқушыны, жеке кәсіпкер Болатов Серікболсын 1 (бір) оқушыны, Мектеп түлегі Мұқанова Гүлжанат 1 (бір) оқушыны, аудандық маслихат депутаты Сейілханов Тұрғанбай 1 (бір) оқушыны мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Жарқамыс орта мектебі 5 (бес) оқушыны, соның ішінде 2 оқушыны спорттық киіммен, 3-оқушыны оқу құралдармен қамтамасыз етті.

Қорытындысы бойынша 14 оқушыға 129700 теңге көлемінде қаржы жұмсалды Желтоқсан айында Құлбекова Ақтобы 8 «Б», аз қамтылған отбасынан шыққан Шатыбаева Данагүл 8 «А» сынып оқушысына қысқы етік берді. Таскинбаева Таттигул Хамитовна Нұрболатова Айша 2 «А» сынып оқушысына қысқы етік, Жарылғасова Жанат Бауыржан Манат Мейіржанқызына қысқы етік берді. тамасыз етті.

Қорытындысы бойынша 4 оқушыға 45000 теңге көлемінде қаржы жұмсалды. Қаңтар айында Жайлаубаева Нұрбану аз қамтылған,толық емес отбасынан шыққан Қалдыбаева Аңсағанымға қысқы етікпен куртка және жартылай жетім отбасынан шыққан Еркінұлы Ернұрға етік берді. Жарылғасова Жанат 2 «А» сынып оқушысы Григорьев Бекзатқа етік алып берді. Избасарова Лунара мектепке даярлық тобында оқитын Григорьева Әминаға етік және қысқы курткамен қамтасыз етті.

Ақпан айы бойынша Мектебіміздің мұғалімдері белсене атсалысты. Атап айтар болсақ Жайлаубаева Нұрбану аз қамтылған,көп балалы отбасынан шыққан Григорьевич Бекзатқа қысқы етікпен куртка және аз қамтылған,көп балалы отбасынан шыққан Аймұратов Рақымжанға қысқы куртка мен етік берді. Өгей отбасынан шыққан,көп балалы,аз қамтылған отбасынан шыққан Избасов Алиге және аз қамтылған,көп балалы отбасынан шыққан Ахметкерей Әсетке күзгі куртка берді

Қорытындысы бойынша 6 оқушыға 69000 теңге көлемінде қаржы жұмсалды.

Ақпан айында Мектебіміздің мұғалімдері белсене атсалысты. Атап айтар болсақ Мутиева Жадыра,Шара,Алпысбаева Айгүл,Тағал Меруерт,Мәдижан Тағал,Умарова Мөлдір өз мүмкіндіктеріне қарай қаражат берді.Ең алдымен хабарландыру жарияланып,сол бойынша қаражат жиналып,аз қамтылған ,толық емес отбасынан шыққан Қалдыбаева Аңсағанымның отбасына азық-түлік алып берілді.

Наурыз айында «Мектепке жол » акциясының негізгі мақсаты- әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына, көп балалы отбасылардың балаларына, сондай-ақ ата анасының қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдерге жаңа қолдау көрсету. Мектебіміздің мұғалімдері белсене атсалысты.Жалпы 52530 қаржы жиналды. Екі отбасыға бірі толық емес отбасынан шыққан Токсанбаев Мирас төртінші сынып оқушысына және екіншісі өгей отбасында тәрбиеленіп жатқан Избасов Әлидің отбасына берілді.Отбасылар өз алғыстарын жаудырды.

Жарыс сөзге ата аналар комитетінің төрайымы Абдикаликрва Гүлжан шығып өз ойларымен бөлісті.

Жиналыс қаулысы:

«Мектепке жол» акциясы өз жұмысын әрі қарай белсене жалғастырсын.

Жиналыс төрағасы: Ғ.Қ.Нұрдәулетова

Мүшелері: Нұрқасымова А.Б.

Қыдыров Ануар

Сазанов Ұ.Қ.

Рахманова Б.

Қалиев Ө

Сұлтанова М.

Аманиязова Жанна

Жұмағалиев С.

Жиналыс хатшысы: Абдикаликова Г.